



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ

ЖОЛДАУЫ 2021

ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ел Президентінің Жолдауы - әр жылдың ең маңызды саяси оқиғасы. 2021 жылғы 1 қыркүйекте Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - елдің өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауын жариялады.

Осы орайда Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына үндеуін талқылау мақсатында Б.Ысқақов атындағы орталық аудандық кітапхана дөңгелек үстел өткізді. Отырыс барысында Нұра орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің

Жолдау - ел ертеңінің бағдары



басшысы С.С. Жұмабеков Мемлекет басшысының ел алдына қойған негізгі міндеттерін атап өтті. Талқылау кезінде Президент Жолдауында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым мақсаттары айтылғанына ерекше назар аударылды. Қазіргі уақытта пандемия кезеңінде денсаулық сақтау жүйесін жақсарту, білім беру жүйесін дамыту және қолдау, ең төменгі жалақы деңгейін қайта қарау, жалақыны арттыру, халықаралық жағдайлар, тіл саясаты және мемлекетіміздің болашақ үшін дамуының барлық маңызды мәселелері туралы айтылды. Кітапханашылар Жолдаудың негізгі қағидаларын халық арасында түсіндіру жұмысын жалғастыратынын айтты.

Президенттің халыққа Жолдауын талқылай отырып, болашақ әрқайсымызға байланысты екенін түсіндік және барлық қиындықтарды бірге еңсереміз деген сенімдеміз!

А.Садыгулова
ОКЖ-нің «Ақпараттық-библиография» бөлімі